Қазақстан Республикасының
Президенті

# ЖАРЛЫҚ

Президент
Республики Казахстан

# УКАЗ

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында және республикалық баспасөзде жариялануға тиіс

## Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жалауларының сипаттамасын бекіту туралы

«Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 59-бабының 3-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жалауларының сипаттамасы бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары туларының сипаттамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 15 қыркүйектегі № 445 Жарлығы;

2) «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 15 қыркүйектегі № 445 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 2 ақпандағы № 1148 Жарлығы.

3. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті** **Н. Назарбаев**

Астана, Ақорда, 2014 жылғы 25 шілде

№ 867

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

08401

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2014 жылғы 25 шілдедегі
№ 867 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жалауларының**
**СИПАТТАМАСЫ**

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының жалауы тікбұрыш нысанды, ұзындығы – 145 см және ені – 115 см, үш жағынан алтын түстес шашақпен көмкерілген, көгілдір түсті (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы түстес) матадан жасалады.

Матаның оң жағының орта тұсында диаметрі 50 см Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы кестеленген (бұдан әрі – Елтаңба). Елтаңба периметрі бойынша алтын түстес қосарланған баумен көмкеріледі. Елтаңбаның үстіңгі жағында, матаның жоғарғы бөлігінде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген алтын түстес жазу кестеленеді. Әріптердің биіктігі – 5,5 см. Елтаңбаның астыңғы жағында, матаның төменгі бөлігінде «ӨРТТЕН ҚОРҒАУ ҮШІН» деген алтын түстес девиз кестеленген. Девиздің әріптерінің биіктігі – 9 см.

Матаның сырт жағының ортасында, «жел бағыты» мен халықаралық азаматтық қорғаныс белгісі (кою сарғыш түс шеңберіндегі көгілдір үшбұрыш) бейнеленген жер шарының айшықты контурының бейнесі кестеленген. Бейненің мөлшері – 80х58 см. Матаның жоғары жиегін бойлай алтын түстес әріптермен «МІНДЕТ, ӨЖЕТТІК, ЕРЛІК!» деген девиз кестеленген. Әріптердің биіктігі – 5,5 см. Матаның төменгі жиегін бойлай өртке қарсы қызметтің аумақтық бөлімшесінің (мемлекеттік мекемесінің) атауы алтын түспен кестеленген. Әріптердің биіктігі – 5 см.

Жалаудың сабының жоғарғы жағы алтын түстес металл ұштыққа ұласады. Саптың ұзындығы – 3 м. Жалаудың бауы ширатылған, алтын түсті жібектен жасалады, баудың ұштарында қос шашағы бар. Баудың ұзындығы – 2,5 м.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының жалауы кестелеу, құрақтау және жібекпен өрнектеу техникасымен орындалады.

---

Қазақстан Республикасының
Президенті

# ЖАРЛЫҚ

Президент
Республики Казахстан

# УКАЗ

Подлежит опубликованию в Собрании актов Президента и Правительства Республики Казахстан и республиканской печати

**Об утверждении описания знамен органов государственной противопожарной службы**

В соответствии с пунктом 3 статьи 59 Закона Республики Казахстан от 11 апреля 2014 года «О гражданской защите» **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Утвердить прилагаемое описание знамен органов государственной противопожарной службы.

2. Признать утратившими силу:

1) Указ Президента Республики Казахстан от 15 сентября 2000 года № 445 «Об утверждении описания знамен органов государственной противопожарной службы»;

2) Указ Президента Республики Казахстан от 2 февраля 2011 года № 1148 «О внесении изменений в Указ Президента Республики Казахстан от 15 сентября 2000 года № 445».

3. Настоящий Указ вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Президент**
**Республики Казахстан** **Н.Назарбаев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

Астана, Акорда, 25 июля 2014 года

№ 867

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.
08399

УТВЕРЖДЕНО
Указом Президента
Республики Казахстан
от 25 июля 2014 года
№ 867

# ОПИСАНИЕ
## знамен органов государственной противопожарной службы

Знамя органов государственной противопожарной службы представляет собой полотнище голубого цвета (цвета Государственного Флага Республики Казахстан) прямоугольной формы, размером по длине 145 см и по ширине 115 см, обшитое с трех сторон бахромой золотистого цвета.

На лицевой стороне полотнища в центре вышит Государственный Герб Республики Казахстан диаметром 50 см (далее – Герб). Герб обшивается по периметру двойным шнуром золотистого цвета. Над Гербом в верхней части полотнища вышита надпись золотистого цвета «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ». Высота букв – 5,5 см. Под Гербом в нижней части полотнища вышит девиз золотистого цвета «ӨРТТЕН ҚОРҒАУ ҮШІН». Высота букв девиза – 9 см.

На оборотной стороне полотнища в центре вышито изображение стилизованного контура земного шара с вписанными в него «розой ветров» и международным знаком гражданской обороны (голубой треугольник в круге оранжевого цвета). Размер изображения – 80х58 см. По верхнему краю полотнища нитями золотистого цвета вышит девиз «МІНДЕТ, ӨЖЕТТІК, ЕРЛІК!». Высота букв – 5,5 см. По нижнему краю полотнища нитями золотистого цвета вышито наименование территориального подразделения (государственного учреждения) противопожарной службы. Высота букв – 5 см.

Древко знамени увенчано металлическим наконечником золотистого цвета. Высота древка – 3 м. Крученый шнур знамени с двумя кистями на концах изготовлен из золотистого шелка. Длина шнура – 2,5 м.

Знамя органов государственной противопожарной службы выполнено в технике вышивки, аппликации, шелкографии.

---